




Әлем студенттерін серпілткен – УНИВЕРСИАДА

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі тарапының қолдау көрсетуімен еліміздің еңселі оқу орындары арасында өзіндік орны бар М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің ұйымдастыруымен Шымкент қалалық Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы Орталық стадионда Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының VII-жазғы Универсиада алауы тұғанды. Бағдарламада – 31 спорт түрі енді. Олардың жетеуі М.Әуезов атындағы ОҚМУ спорттық базасында өтетін болып белгіленді.



Қазақстанда әлемнің ең үздік оқу орындарымен терезе теңестіретін оқу орындары аз емес. Десекте 5000-нан астам студенттер өз шеберлігін танытар Универсиаданың М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде өтуі кездейсоқтық жайт емес. Заңғар жазушымыз М. Әуезовтың есімін иеленген университет 70 жылдық тарихында, елдің өркендеуіне елеулі үлес қосып жатқан ғалымдар мен өз ісінің шеберлері атанған мамандарды ғана емес, төрткүл дүние төрінде, еліміздің көк туын желбіретіп, әлемнің ең жарық жұлдыздары атанған: Бекзат Саттарханов, Мұхтархан Ділдабеков, Алия Юсупова, Еркебұлан Шыналиевтер мен қатар Татьяна Хромова, Бахыт Ахметов, Елена Шалыгина, Александра Подрядова, Жазира Жапарқұл сынды көптеген әлемдік додада топ жарған спорт жұлдыздарын дайындап, Қазақстан спортының өркендеуіне өзіндік үлесін қосып келеді.

Универсиада ашылуында жанкүйер қауым олимпиадасылар мен Қазақстанның ең танымал спортшылары Алия Юсупова, Александр Подрядов, Юлия Юркова, Варвара Коваленко, Екатерина Смирнова, Эльвира Гарифуллинаны қошеметпен қарсы алды. Универсиаданың құрметті қонақтары қатарында көркем гимнастикадан Халықаралық дәрежедегі спорт шебері Анна Алябьева қатысты. Осы үлкен додада жарыста М. Әуезов университетінің түлегі, көркем гимнастикадан Халықаралық дәрежедегі спорт шебері, алты рет алтын алқа иегері атанып, Олимпиада ойындарында 4 жүлделі орыннан көрінген, қазіргі таңда көркем гимнастикадан Қазақстан Республикасының бас бапкері Әлия Юсупованың туылған күнімен қатар келіпті.

Еліміздің еңселі оқу орындарының 5000-ға жуық студенттері қатысып, бақ сынасып жатқан Универсиадада Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия университеті студенттері топ жарды. Универсиада жеңімпаздары 6-17 шілде айында Қазан қаласында өткен бүкіләлемдік универсиадаға жолдама алды.

Қазақстан Республикасы Президенті Н. Назарбаев:

«Спорт игілікті іс. Спортта мінез-құлық қалыптасады. Спортпен айналысқан адам ар-ұятқа тиетін іс жасамайды. Жастайынан спортпен айналысқандар бүкіл ғұмыр бойы табысқа жетуге талпынады. Мен мұны өз тәжірибемнен білемін.»



Қазақстанның жоғары оқу орындары бақ сынасқан Универсиада алауын Лондонда өткен XXX жазғы Олимпиада ойындарына қатысушы «Дзюдо» күресінен Халықаралық дәрежедегі спорт шебері, М. Әуезов университетінің түлегі Александра Подрядова жақты.



Қазақстанның таңдаулы спортшы студенттері бақ сынасқан VII жазғы Универсиаданың салтанатты түрде ашылуында, Оңтүстік Қазақстан Облысы әкімінің орынбасары Әли Бектаев, ҚР Спорт және дене шынықтыру агенттігінің төрағасының орынбасары Т. Есентаев, Ұлттық олимпиада комитетінің вице-президенті М. Қошанов пен М. Әуезов атындағы ОҚМУ ректоры Ж.Мырхалыков сынды лауазымды тұлғалар құттықтау сөз сөйлеп, спортшыларға сәттілік тіледі.

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры, техника ғылымдарының докторы, профессор Ж.У.Мырхалыков:

– Құрметті спортшы жастар!

Мемлекетіміз ел жастарына үлкен үміт артады. Сіздер біздің еліміздің намысыңдар! Бүгінгі күні әрбір спортшы өз оқу орнының намысын қорғасаңыздар, алдағы уақытта еліміздің намысын қорғайсыңдар!

Біздің университет әлемнің ең үздік спортшыларын дайындаған оқу орындардың бірі.

Спортшыларымыздың осынау толағай табыстары халқымыздың,

оның ішінде жастарымыздың салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған жұмыстардың игілікті жемісі деп білеміз.

Құрметті еліміздің спортшы жастары! Сіздердің алдарыңызда биылғы жылы Қазан қаласында 2014 жылы Сочиде өтетін Универсиада сонымен қатар Рио-де-Жанейрода өтетін 2016 жылғы олимпиадасы, 2017 жылы Алматы қаласында өтетін Универсиада ойындарында Сіздер жоғары жетістіктерге қол жеткізуге тиіссіздер! Сіздер ғана еліміздің көк туын әлем алдында желбірте аласыздар! Сіздердің жеткен жетістіктеріңіз, келер буынға, жас толқынға үлгі-өнеге болуын тілектеспін!

Ел студенттерін серпілткен VII жазғы студенттер универсиадасының жабылу салтанатында жеңімпаздар мен жүлдегерлерді сонымен қатар ұйымдастырушыларды Білім және ғылым министрлігінің өкілі, вице-министр Мұрат Абенев құттықтады.


Еліміздің 75 жоғары оқу орындары қатысқан жарыстың 18 түрі Астана қаласының оқу орындары объектілерінде сонымен қатар Алматы, Атырау, Қостанай, Тараз, Шымкент, Талдықорған, Өскемен, Семей, Павлодар, Петропавл, Түркістан қаласындағы жоғары оқу орындары объектілерінде өткізілді.

Бір гроссмейстер, 67 халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 568 спорт шебері, 1119 спорт шеберіне кандидат, 1520 бірінші разрядты спортшы, спорттың 31 түрінен 516 комплект сыйлықтар табыс етілді. Жаппай іс-шараға 359 мың адам қатысты.

Айдан айға созылған жарысқа еліміздің студент спортшылар үлкен дайындықпен келгенін аңғартты. Десекте, жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар демекші оқу орындар арасында бірінші орынға Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті иеленді. Бұл оқу орны 13 бірінші, екі екінші, үш үшінші орындарын, жалпы командалық есеп бойынша бірінші орынды иеленді.

Жалпы командалық есеп бойынша аз ғана ұпаймен Қазақ Ұлттық университетін алдына шығарып, Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университеті екінші орынды иеленді.

Үшінші орынды Тараз мемлекеттік университеті мен Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті місе тұтты.



Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,
Мен жастарға сенемін!
М. Жұмабаев.

